

Қарабалық ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 180 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 желтоқсанда № 31125 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 - тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Қарабалық аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 1 (бір) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Тюлюбаев